

№4 Хромтау орта мектебінің қамқоршылық кеңес отырысының

№4 хаттамасы

Хромтау қаласы

05.05.2024 ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңестің мүшелері .

Күн тәртібінде:

1. Жазғы демалыс кезінде оқушылардың «Жаз-2024» жазғы сауықтыру және еңбек қызметін ұйымдастыру. Оқушыларды жұмысқа орналастыру.- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Утешова А.К.
2. 2022-2023 оқу жылына мектеп формасы. - Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Муканова А.Ж.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, ДТЖО Утешова А.К.сөз бастады.

Жазғы демалыс кезінде оқушылардың «Жаз-2024» жазғы сауықтыру және еңбек қызметін ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ең бірінші оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану бойынша мектеп жанындағы лагерь алаңы, шатырлы лагерь, қала сыртындағы лагерь жоспарлануда. Сонымен қатар, оқушылар, «Жасыл елмен» де еңбекпен қамтамасыз етіледі.

Екінші мәселе бойынша,2023-2024 оқу жылына мектеп формасы жөнінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Муканова А.Ж. сөз сөйледі.

«Бірыңғай мектеп формасының талаптары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 заңының нормаларынан туындап отыр. Осы заңға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар бекітілді. Осылайша мектеп формасы еліміздің орта білім беру ұйымдарында киюге міндеттелген оқушылардың бірыңғай киім үлгісі болып табылады

Мектеп формасы мектебімізде ең өзекті мәселелерінің бірі. Мектеп формасы салтанатты , күнделікті және спорттық болып бөлінеді.

*Салтанатты форма: Ұлдар: -ақ көйлек, қою көк түсті классикалық шалбар, пиджак, жилет (қыс айында тоқыма жилет, водолазка). Ұлдарға арнаған шалбар кең балақты, тобықты жауып туры тиіс.

Қыздар: ақ түсті жиде.қою көк түсті классикалық шалбар (тобықтан түсіп тұратын) қою көк түсті белдемше. Белдемшенің ұзындығы тізеден 5см қысқа және тізеден 5см ұзын болуы тиіс. Қою көк түсті пиджак (артық сызыктарсыз). Қысқы мезгілде тоқыма жилет, водолазка. Бір түсті, суретсіз, ақ, күлгін немесе кара түсті колготкасы.

*Күнделікті: Ұлдар – ашық көк түсті ерлер көйлегі немесе водолазкасы, қою көк түсті классикалық шалбар, және пиджак «бір түсті, қою көк түсті жемпір), аяқ киім: туфли. «спорттық аяқ киім киюге болмайды).

Қыздар: ақ түсті блузка немесе водолазка, классикалық шалбар, (тобықты жауып тұратын), қою көк түсті белдемше. Белдемшенің ұзындығы тізеден 5см қысқа және тізеден 5см ұзын болуы тиіс. Қою көк түсті пиджак немесе водолазкасы (артық сызыктарсыз),


*Спорттық: Қою көк түсті спорттық киім, жейде (1-4 кластарға сары түсті, 5-11 класс оқушыларына ақ түсті), кроссовка, келі.


Қамқоршылық кеңес төрайымы: Қамбарова К.Г. : Мектеп формасы жөнінде аталған шарттармен келісе отырып, қалған кеңес мүшелерінен қандай да бір ортаға салар ойларыңыз болмаса, бір ауыздан шешім шығарылсын.


Қаулы:

1. Жазғы демалыс кезінде оқушылардың «Жаз-2024» жазғы сауықтыру және еңбек қызметін ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.
2. Бала өмірінің қауіпсіздігі сынып жетекшілері мен ата-аналар тарапынан қатаң назарға алынсын.
4. 1-11 класс жетекшілері ата-аналар жиналысын жасап, ата-аналарды 2023-2024 оқу жылына арналған мектеп жарғысындағы мектеп формасымен таныстырсын.


Кеңес төрайымы:  Камбарова К.Г.


Хатшы: Қалдыбаева Н.А. 


Баймукашев Т.Е. 

Сүлейменова Н.Х. 

Сорока И.А. 

Бегимбаева К.А. 

Биржанов К.К. 

Волненко Л.С. 

Габбасов А.Т. 